



**«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде
«Біз – Қазақстанның тәлімгерлеріміз»
республикалық интернет-байқауды қашықтықтан өткізу ережелері**

1. Жалпы ережелер

1. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Біз – Қазақстанның тәлімгерлеріміз» республикалық интернет-байқауының (бұдан әрі - Байқау) педагогикалық отрядтар мен балалардың жазғы демалысын ұйымдастырушылар арасында қашықтықтан өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: тәлімгерлердің кәсіби шеберлік деңгейлерін арттыруға, тәлімгерлердің үздік тәжірибе алмасуына және таратуға жағдай жасау.

3. Міндеттері:

байқау қатысушыларына балалармен жұмыс істеуде шығармашылық, кәсіби әлеуетін, авторлық идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік беру;

тиімді тәрбие беру технологияларын және балалар ұжымымен ұйымдастырушылық жұмыс технологиясын анықтау;

демалысты, сауықтыруды, балалардың демалыс кезеңдеріндегі бос уақытын қамтуды ұйымдастыру саласындағы озық педагогикалық тәжірибені жалпылау және тарату.

4. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

5. Байқаудың ұйымдастырушылары әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

6. Байқау жұмыстары электронды түрде **2017 жылғы 1 қыркүйек пен 10 қарашаға дейін** konkurs.online@mail.ru электронды поштасына қабылданады. **2017 жылға 10 қарашадан** кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары **2017 жылғы 17 қарашада** www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

7. Байқауға ұсынылған жұмыстар қайтарылмайды. Байқауды ұйымдастырушылар авторға сілтеме жасай отырып, байқау материалдарын БАҚ құралдарына жариялауға құқылы. Қатысушыларға сараптамалық қорытынды мен пікірлер берілмейді.

8. Байқауға қатысу үшін әр жұмысқа 3000 (үш мың) теңге төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Алушы: «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БИН 990140004733

ИИК KZ918560000005068448

БИК KСJBKZKX

КНП – 859

Кбе 16

БанкЦентрКредит АҚ

Төлемақының мақсаты: «Біз – Қазақстанның тәлімгерлеріміз» байқауы.

9. Байқауға қатысу үшін konkurs.online@mail.ru электронды поштасына келесі құжаттарды жіберу қажет:

1) төменде берілген үлгіге сәйкес қосымшаға сәйкес өтінімді;

Қатысушының аты-жөні	Облыс, аудан, қала (қала)	Жұмыс орны, лауазымы	Байқаудың аталуы, номинациясы	Байланыс телефоны, эл. поштасы
1	2	3	5	6

2) сканерден өткізген төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасы);

3) электронды түрде байқау жұмысын.

Анықтама телефоны: 8(7172) 249 303 («Біз – Қазақстанның тәлімгерлеріміз»).

3. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар

10. Байқауға жоғары оқу орындары мен колледждердің педагогикалық жасақтары, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері келесі санаттар бойынша қатысады:

1) педагогикалық жоғары оқу орындары, колледж студенттері;

2) жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері.

11. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1. «Тәлімгерлік жасақтың өзін таныстыруы» номинациясы.

Таныстырудың шығармашылық презентациясы. Аты, ұраны, шумақты ұрандары, жасақ қызметінің бағыттары, тәлімгерлік әннің бөлігі түсірілген 3 минутқа дейінгі бейнежазбалар қабылданады.

Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:

- 1) көрсетілімнің композициялығы және мазмұндылығы;
- 2) ресімделуі (топтың аталуы, ұраны, эмблемасы, киім үлгісі);
- 3) әртістілігі, идеяның түпнұсқалығы, мәнерлілігі, эмоциялығы;

2. **«Жаңа ғасырдың - жаңа лагері» номинациясы.** 10 слайдтан кем болмайтын слайд-шоу. Театр педагогикасының элементтері, мультимедиа құралдарын пайдаланған, музыкалық-көркемдік сүйемелденген лагерь қызметінің фрагментті суреттері ұсынылады және қосымша ретінде жобаның қысқаша сипаттамасы беріледі.

Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:

- 1) өзектілігі;
- 2) практикада қолданылуы;
- 3) қабылдаудың нақтылығы және қолжетімділігі;
- 4) қолданылатын сюжеттің жаңалығы;
- 5) ашықтығы, баяндаманың бейнелілігі және ресімделу реті;
- 6) мазмұндылығы, баяндаудың көрнекілігі және сонылығы;
- 7) ойлау жасампаздығы.

3. **«Тәлімгерлік формула» номинациясы.**

Байқауға шеберлік сыныптардың бейнежазбалары ұсынылады. Тақырыбы мен мазмұны өз таңдауы бойынша. Уақыт тәртібі: 5 минутқа дейін.

Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:

- 1) қызықты болуы;
- 2) ақпарат беру;
- 3) динамикасы;
- 4) мақсатқа жетуі;
- 5) педагогикалық аспектілер;
- 6) әдістеменің жаңашылдығы.

12. Байқауда бір қатысушы бір немесе бірнеше номинацияға қатыса алады. Әр қатысушыдан әр номинацияға бір жұмыс қабылданады. Әр номинацияға жеке жұмыс ретінде жеке ақша төленеді.

13. Байқау жұмысының титул парағында келесі көрсетіледі:

- облысы, ауданы (қала), ауылы;
- білім беру ұйымының аталуы;
- байқау және номинациясының аталуы;
- автордың аты-жөні;
- e-mail, байланыс құралдары.

15. Бөгде адамдардың материалдарын және Интернет желісінен алынған материалдарды пайдалануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын басқа сайтта жарияланбаған болуы тиіс.

4. Байқауды қорытындылау

16. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

17. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелердегі дипломдармен марапатталады, орын алмаған қатысушыларға сертификат беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары www.ziyatker.org сайтында мына сілтеме бойынша <http://www.ziyatker.org/#!-/c10hg> жүктеп алу мүмкіндігімен орналастырылады. Анықтама телефоны: +7 (7172) 249 303 («Біз – Қазақстанның тәлімгерлеріміз» байқауы).

Дипломдарды, сертификаттарды, алғыс хаттарды жүктеп алудың нұсқасы: www.ziyatker.org → Орталық қызметі → Республикалық іс-шаралар → «Біз – Қазақстанның тәлімгерлеріміз» байқауы → әрі қарай).